

Пресс-релиз
Астана қ., 10 қаңтар 2014 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ «ҚазТрансОйл» АҚ-ның магистральдық құбырлары жүйесінде «Атасу БМАС – Павлодар мұнай-химия зауыты» учаскесінде мұнай айырбастау қызметіне арналған тарифті белгілегені туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №168 «ҚазТрансОйл» АҚ бұйрығымен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның магистральдық құбырлары жүйесінде «Атасу БМАС – Павлодар мұнай-химия зауыты» учаскесінде мұнай айырбастау қызметіне арналған бір тонна үшін 1 458,13 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшеріндегі тарифті белгілегені туралы хабарлайды. Тариф 2014 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Бұйрық «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сонымен қоса «Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы №244, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы №404-НҚ бірлескен бұйрығы негіз етіліп қабылданды.

Инвесторлармен байланыс қызметі
«ҚазТрансОйл» АҚ